УДК 616–084(574.5)

[1]М.А. Бүлешов, [1]С.Н. Әліпбекова, [2]Ш.С. Сакиева
[1]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
[2]«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДАҒЫ АУДАНДАР БОЙЫНША ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ-РЕАБИЛИТАЦИЯЛЫҚ ШАРАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Тақырыптың маңыздылығы Түркістан облысындағы әкімшілік аудандар бойынша жүзеге асырылған профилактикалық шаралардың тиімділігін бағалау негізгі аурулардың алдын алуға, ерте диагностикалауға, аурушаңдықты азайтуға және одан туындайтын аурулардың алдын алуға жағдай туғызады.
Біздің елімізде науқастар мен мүгедектерді медициналық оңалту және медициналық-әлеуметтік сараптама ғылыми, әдістемелік және технологиялық даму кезеңінен өтуде. Соңғы жылдары біздің елімізде осы өте күрделі және қайта құрылатын мемлекеттік қызметтің жаңа ғылыми-теориялық аспектілерін жеткілікті түрде қабылдау, дамыту ерекше маңызды болып табылады. Денсаулық сақтаудағы өзгерістер созылмалы жағдайлардың алдын-алуға және басқаруға арналған жаңа идеяларды, әдістерді немесе бағдарламаларды енгізуді қамтиды.
Профилактика және оңалту – денсаулықтың жоғары деңгейін қамтамасыз етуге және аурудың алдын алуға бағытталған мемлекеттік, әлеуметтік, гигиеналық медициналық шаралар жүйесі.
Түйінді сөздер: *профилактика, медициналық оңалту, денсаулық, әлеуметтік маңызды аурулар*

Өзектілігі

Халықтың денсаулық жағдайы қоғамдық дамудың маңызды көрсеткіштерінің бірі. Ол қоғамның экономикалық, еңбек және мәдени әлеуетін құрайды, елдің әлеуметтік-экономикалық және гигиеналық жағдайын сипаттайды. Сондықтан оның қалыптасу заңдылықтарын зерттеуге ерекше назар аудару керек [1].

Денсаулық көрсеткіштері денсаулық сақтау мекемелері қызметінің көлемі мен сипатын, медициналық, диагностикалық, профилактикалық және басқа шараларға арналған бюджеттік және сақтандыру қорларының шығындарын анықтап қана қоймайды, сонымен қатар ұйымдастырушылық және құрылымдық-функционалдық қайта құрулар қажеттілігін көрсетеді. Олар денсаулық сақтау мен медициналық көмекті біртіндеп жақсартуға бағытталған медициналық-әлеуметтік бағдарламалардың тиімділігін арттырудың жаңа мүмкіндіктерін құруға негіз болып табылады. Денсаулық сақтау саласын басқаруға көптеген қатысушылардың ішінде қалалық денсаулық сақтау бүкіл денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігі мен сапасы, көптеген медициналық және әлеуметтік мәселелерді шешу және халықтың медициналық мекемелердің қызметіне деген көзқарасы байланысты болатын маңызды сала болып табылады[2].

Денсаулық сақтаудың әлеуметтік-профилактикалық бағыты – бұл халықтың денсаулығын нығайтуға және қолдауға бағытталған әлеуметтік-экономикалық және медициналық шаралар кешені. Денсаулық сақтаудағы профилактикалық бағыт – тек жекелеген медициналық шараларға ғана қатысты емес, сонымен қатар гигиеналық шаралар, вакцинацияның жүргізілуі, санитарлық заңдылықтың сақталуы және т.б. шараларға да қатысты. Мемлекеттің профилактикалық бағыттағы әртүрлі шараларды жүзеге асыруы адамдардың санасына, салауатты өмір салтының күнделікті элементтеріне енгізуге әсер ететін факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар профилактикалық бағыттардың жүзеге асырылуы әлеуметтік-экономикалық және медициналық-ұйымдастырушылық іс-әрекеттердің жүзеге асырылуын болжайды. Яғни, профилактикалық бағыт, тұрғындардың әлеуметтік өмір салтын қамтиды: қолайлы жұмыс және өмір сүру жағдайларын жасау, демалыс және дене тәрбиесі, әр түрлі топтар арасында толық және дұрыс тамақтануды ұйымдастыру, қоршаған орты жағдайларын жақсарту, тұрғындардың өмір сүру салты және тұрмыс салтын жоғарылату, өз кезегінде адамның физикалық және рухани үйлесімді дамуына әсер етеді. [3]. Тұрғындардың денсаулығы нашар аудандарда жүзеге асырылған профилактикалық және медициналдық-реабилитациялық шаралардың тиімділігін бағалау денсаулық сақтаудың басты бөлігіне кіреді. Тұрғындардың жағдайын бағалау денсаулық сақтау жүйесін алдын алуға бағытталған шаралар байланыс табу үстінде.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қол жеткізген ғылыми жетістіктердің негізінде қатерлілігі әртүрлі әкімшілік аудандарда жүзеге асырылатын профилактикалық шаралардың схемасы жасалды (1 схема). Бұл схеманың негізін топтастырылған аудандардың тұрғындары арасында қалыптасқан жалпы, біріншілік, аурушаңдық көрсеткіштері және оның динамикасы мен даму бағыты алынды. Сонымен қатар, аурушаңдыққа тікелей әсер ететін және оның құрамына, деңгейіне нақты өзгерістер туындататын экологиялық-гигиеналық, медициналық-биологиялық және әлеуметтік-гигиеналық қатерлі себептердің деңгейі анықталды. Осы статистикалық-медициналық көрсеткіштер аудандарды гигиеналық-медициналық тұрғыда топтастыруға негіз болды. Зерттеу барысында мынандай әкімшілік аудандар жіктелді: төменгі дәрежеде қауіпті, орта дәрежеде қауіпті, жоғары дәрежеде қауіпті және аса жоғары дәрежеде қауіпті әкімшілік аудандар. Әрбір қауіпті әкімшілік аудандардың тұрғындары арасындағы негізгі әлеуметтік маңызы үлкен аурулардың таралу деңгейі, динамикасы және даму бағыты анықталып, олардың арасындағы нақты айырмашылық есептелініп шығарылды. Осылайша қоғамдық денсаулық сақтаудағы дәлелді медицинаның қағидалары мен шарттары жүзеге асырылды. Осылайша топтастырылған әрбір әкімшілік ауданның тұрғындары арасындағы қалыптасқан аурушаңдық көрсеткішінің қалыптасу заңдылықтарына сәйкес профилактикалық шаралардың бағдарламасы жасалынды. Осылайша құрастырылған профилактикалық бағдарламалар дұрыс орындалған және ғылыми тұрғыда толық негізделген шаралардың топтамасы болып табылады. Бұл бағдарламалар міндетті түрде жоғары дәрежедегі әлеуметтік-гигиеналық, медициналық-биологиялық және экологиялық тиімділікпен көрініс береді.Әкімшілік аудандарда жүзеге асырылған профилактикалық шаралар өз нәтижесін берді және төмендегідей тиімділігін көрсетті (3 сурет). Төмен дәрежеде қауіпті әкімшілік ауданда профилактикалық шаралардың тиімділігіне қарай вирустық гипатиттің В,С түрлері 2,56‰$_{00}$ ден 2,43‰$_{00}$ ге дейін төмендесе, қант диабеті 115,36‰$_{00}$ ден 113,72‰$_{00}$ ге дейін азайды. Ал ревматизмнің қалыптасу

деңгейі 41,49‰$_{00}$ ден 39,21‰$_{00}$ ге дейінгі апралықта қалыптасты. Сонымен қатар, дәнекер тінінің жүйелі зақымдануы ауруының көрсеткіші төмендеу динамикасын байқатты (71,48‰$_{00}$ ден 71,07‰$_{00}$ ге дейін). Орта дәрежеде қауіпті әкімшілік аудандарда тұрғындар арасындағы әлеуметтік маңызы үлкен аурулар деңгейі де профилактикалық шаралардың тиімді әсерінен төмендеу үрдісін байқатты (4 сурет). Осылайша 2018-2019 жылдары қатерлі ісіктердің деңгейі 82,98‰$_{00}$ ден 81,13‰$_{00}$ ге дейін азайса, жүрек ишемиясы 289,46‰$_{00}$ ден 281,73‰$_{00}$ ге дейін төмендеді. Ал вирустық гипатиттің В және С түрлері 3,9% ға азайды (2,64‰$_{00}$ ден 2,54‰$_{00}$ ге дейін). Ревматизмнің деңгейі 0,6 пайызға дейін азайды (41,08‰$_{00}$ ден 40,2 3‰$_{00}$ дейін төмендеді). Дәл осындай төмендеу үдерісі орталық жүйке жүйесінің тұқым қуалайтын дегенеративтік ауруларын да (2,97‰$_{00}$ ден 2,91‰$_{00}$ ге дейін).

Және орталық жүйке жүйесінің демелизациясы алып келетін аурулары (0,76‰$_{00}$ ден 0,71‰$_{00}$ ге дейін байқалады). Жоғары дәрежеде қауіпті әкімшілік аудандардағы тұрғындардың арасында қалыптасқан әлеуметтік маңызы үлкен аурулардың барлығы дерлік біршама төмендеген (5 сурет). Оның ішінде қатерлі ісіктердің деңгейі 4,8 пайызға, туберкулез ауыруының деңгейі 3,7 пайызға, жүрек ишемиясының деңгейі 1,4 пайызға, вирустық гепатиттің В және С түрлері қоса алғанда 1,9 пайызға, қант диабеті 2,1 пайызға, психикалық аурулар 3,5 пайызға, балалардың церебральдық салдануы 2,4 пайызға ал ревматизм ауруы 4,4 пайзға төмендеген. Аса жоғары дәрежедегі қауіпті әкімшілік аудандағы тұрғындардың арасында бірінші кезекте қатерлі ісіктердің деңгейі 114,38‰$_{00}$ ден 101,19‰$_{00}$ ге дейін төмендеді (6 сурет). Туберкулез ауруының деңгейі 108,79‰$_{00}$ ден 106,43‰$_{00}$ дейін азайды.



Схема 1 - Қатерлілігі әртүрлі әкімшілік аудандарда жүргізілетін профилактикалық шаралардың әлеуметтік-гигиеналық тиімділігін бағалау



Сурет 1 - Төмен дәрежеде қауіпті әкімшілік аудандардағы профилактикалық шаралардың тиімділігі



Сурет 2 - Орта дәрежеде қауіпті әкімшілік аудандардағы профилактикалық шаралардың тиімділігі



Сурет 3 - Жоғары дәрежеде қауіпті әкімшілік аудандардағы әлеуметтік маңызы үлкен аурулардың 2018-2019 жылдардағы төмендеу динамикасы (% есептегенде)



Сурет 4 - Аса жоғары дәрежеде қауіпті аудан тұрғындары арасындағы жүргізілген профилактикалық шаралардың тиімділігі

Зерттеудің қорытындысы

Ғылыми тұрғыда негізделген профилактикалық шаралардың әлеуметтік-медициналық тиімділігі аса жоғары болып шықты және бұл профилактикалық шаралардың үнемі жүзеге асырып, әлеуметтік маңызы үлкен аурулардың деңгейін тоқтаусыз азайтуға күш салу қажет. Сонымен қатар, әрбір әкімшілік ауданда әлеуметтік-гигиеналық мониторинг шаралары міндетті түрде қайтадан 5 жылда 1 рет жүзеге асырылып отыруы тиіс. Оның нәтижесінде профилактикалық шараларға қажетті өзгерістерді енгізіп, оның тиімділігіне әлеуметтік-гигиеналық тұрғыда баға беру қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Н.Е.Порада Общественное здоровье и здравоохранение. – Минск: ИВЦ Минфина, 2017. – 3 с.
2 Целоусова С.А., Молчанова Л.Ф., Вдовина Н.П., Муравьева М.М. Комплексная оценка состояния здоровья населения как основа разработки мероприятий по его улучшению на муниципальном уровне // Современные проблемы науки и образования. – 2012. – №3. – С. 45-51. URL: http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=6346 (дата обращения: 01.06.2020).
3 Н.В. Полунина, Ю.П. Пивоваров, О.Ю. Милушкина Профилактическая медицина – основа сохранения здоровья населения // Вестник РГМУ. – 2018. - №5. - С. 5-9.

[1]М.А. Булешов, [1]С.Н. Әліпбекова, [2]Ш.С. Сакиева
[1]Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави
[2]АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

ОЦЕНКА ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРОВОДИМЫХ ПРОФИЛАКТИЧЕСКИХ И МЕДИКО-РЕАБИЛИТАЦИОННЫХ МЕРОПРИЯТИЙ ПО РАЙОНАМ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Резюме: Значимость темы оценка эффективности проводимых профилактических мероприятий по административным районам Туркестанской области способствует профилактике основных заболеваний, ранней диагностике, снижению заболеваемости и профилактике возникающих от них заболеваний.
Медицинская реабилитация и медико-социальная экспертиза больных и инвалидов в нашей стране претерпевает период научнометодологического и технологического становления. Особое значение в этом имеет адекватное восприятие, освоение новых научных, теоретических сторон этой чрезвычайно сложной и перестраивающейся в последние годы в нашей стране сферы государственной деятельности.
Изменения в сфере здравоохранения заключаются во внедрении новых идей, методов или программ, направленных на профилактику и управление хроническими состояниями.
Профилактика и реабилитация представляет собой систему государственных, социальных, гигиенических и медицинских мер, направленных на обеспечение высокого уровня здоровья и предупреждение болезней.
Ключевые слова: профилактика, медицинская реабилитация, здоровье, социально-значимые болезни

[1]M.A. Buleshov, [1]S.N. Alipbekova, [2]Sh.S. Sakiyeva
[1]Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
[2]JSC «South Kazakhstan Medical Academy»

EVALUATION OF THE EFFECTIVENESS OG ON GOING PREVENTIVE AND MEDICAL AND PREVENTIVE MEASURES IN THE DISTRICTS OF TURKESTAN REGION

Resume: The importance of the topic evaluation of the effectiveness of preventive measures in the administrative districts of the Turkestan region contributes to the prevention of major diseases, early diagnosis, reducing the incidence and prevention of diseases arising from them.

Medical rehabilitation and medical and social expertise of sick and disabled people in our country is undergoing a period of scientific, methodological and technological development. Of particular importance in this is an adequate perception, development of new scientific, theoretical aspects of this extremely complex and restructuring sphere of state activity in our country in recent years.

Chamges in the health sector are the introduction of new ideas, methods of programs aimed at preventing and managing chronic conditions.

Prevention and rehabilitation is a system of state, social, hygienic and medical measures aimed at ensuring a high level of health and the prevention of diseases.

Keywords: prevention, medical rehabilitation, health, socially significant diseases